



«Евразийский национальный
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,
аудита и статистики

**«Международные стандарты учета и аудита: ключевые
изменения и нюансы перехода в условиях цифровой
экономики»**

**Сборник статей Международной научно-практической
конференции 17 февраля 2023 г.**

Астана



УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Рецензент – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

Научные редакторы:

PhD, доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.
заместитель заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН,
кандидат экономических наук Сорокина Л.Н.

П78 «Международные стандарты учета и аудита: ключевые изменения и нюансы перехода в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 17 февраля 2023 г. – Астана: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2023. – 522с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 17 февраля 2023 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте www.enu.kz

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

© Коллектив авторов, 2023
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2023
© РУДН, 2023

ISBN 978 601 337 121 4



ҰЙЫМНЫҢ ТӨЛЕМҚАБІЛЕТТІЛІГІ МЕН НЕСИЕҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

*Рамазанова Мадина Алтынбековна,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Есеп және талдау мамандығы, 4 курс
Ғылыми жетекшісі: Садуақасова К.Ж*

Аннотация. Бұл жұмыста "Павлодарэнерго" АҚ мысалында кәсіпорынның төлем қабілеттілігі мен кредит қабілеттілігін бағалауды жүргізу әдістемесі, сондай-ақ олардың маңыздылығы және кәсіпорынның төлем қабілетсіздігі мен кредит қабілетсіздігінің туындау себептері қарастырылады.

Кілт сөздер: төлемқабілеттілігі, несиеқабілеттілік, қаржылық тұрақтылық, капитал, ресурстар, өтімділік.

ОЦЕНКА И АНАЛИЗ ПЛАТЕЖЕСПОСОБНОСТИ И КРЕДИТОСПОСОБНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

*Рамазанова Мадина Алтынбековна,
Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,
Специальность учет и анализ, 4 курс
Научный руководитель: Садуақасова К. Ж*

Аннотация. В данной работе рассматривается методика проведения оценки платежеспособности и кредитоспособности предприятия, а так же их важность, и причины возникновения неплатежеспособности и некредитоспособности предприятия на примере АО «Павлодарэнерго».

Ключевые слова: платежеспособность, кредитоспособность, финансовая устойчивость, капитал, ресурсы, ликвидность.

ANALYSIS AND ASSESSMENT OF THE SOLVENCY AND CREDITWORTHINESS OF THE ORGANIZATION

*Ramazanova Madina Altynbekkyzy
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Specialty accounting and analysis, 4th year
Scientific supervisor: Sadvakasova K. Zh*

Annotation. This paper discusses the methodology for assessing the solvency and creditworthiness of the enterprise, as well as their importance, and the causes of the insolvency and non-creditworthiness of the enterprise on the example of «Pavlodarenergo» JSC.

Keywords: solvency, creditworthiness, financial stability, capital, resources, liquidity.

Бүгінгі заманауи нарықтың талаптарына сай, қоғамда шаруашылық операцияларды жүзеге асыратын кез келген субъектілері өздерінің іскери серіктерінің қаржылық жағдайы туралы объективті ақпарат алуға мүдделі. Қаржылық жағдайды зерттеудің сигналдық көрсеткіштері ретінде төлемқабілеттілік пен несиеқабілеттілік болып табылады. Ұйым қызметінің тұрақтылығы оның төлемқабілеттілігіне байланысты болғандықтан ұйымды басқарудың тиімділігі оның төлемқабілеттілігі мен несиеқабілеттілігінің көрсеткіштерін бағалау және талдау арқылы анықталады. Бұл көрсеткіштерді уақытылы талдау болашақта ұйымның коммерциялық қызметінен оң қаржылық нәтижелер алуға көмектеседі. Толығырақ пайымдап кететін болсақ, төлемқабілеттілік пен несиеқабілеттілік көрсеткіштерінің төмен не жоғары екенін дер кезінде анықтау, ұйымға ішкі шығындарын азайтуға, дұрыс басқарушылық шешімдер қабылдау арқылы икемділікті сақтауға, тиімді жоспарлар құру арқылы ұйым сату көлемінің өсу қарқынын арттырып, нарықтағы позимциясын нығайтуға жәрдемдеседі. Компанияның төлем қабілеттілігін талдаудың негізгі мақсаты компанияның қаржылық қызметіндегі кемшіліктерді уақытылы анықтау және жою және ұйымның жалпы төлемқабілеттілігін арттыру резервтерін іздеу және анықтау.

Халықаралық тәжірибеде төлемқабілеттілік термині кредиторлар алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелерді кез келген уақытта өтей алу үшін жеткілікті өтімді активтердің болуын білдіреді. Ұйымның төлемқабілетті болуының бастышарттарының бірі – өтімді активтердің болуы, яғни өтімді активтер дегеніміз – қысқа мерзім ішінде «ақшаға» айналу мүмкіндігі бар активтердің болуы [3]. Бірақ, ұйымның қаржылық тұрақтылығы жайлы, әр түрлі ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде әр түрлі анықтамалар пайда болды. Мәселен, украин ғалымы Костирко Р.О. пайымдауынша төлемқабілеттілік басты белгісі деп барлық өтімді активтер мен қысқа мерзімді міндеттемелер арасындағы айырма барысында қалатын таза өтімді активтердің болуы ретінде қарастырады. Ковалевтің теориясы бойынша төлемқабілеттілік ұйымның тез өтелетін міндеттемелерді жабуы үшін қажет етілетін ақша қаражаттарының және олардың эквиваленттерінің болуы және мерзімі өткен өтелмеген міндеттемелердің болмауы. А.Д. Шеремет «кәсіпорынның төлемқабілеттілігі деп өз уақытында техника мен материалдармен жабдықтаушылардың төлем талаптарын қанағаттандыру, несиелерді қайтару, қызметкерлердің еңбек ақы төлемін жүргізу, бюджетке төлемдер қабілеттілігі» деп жазады. Жалпы авторлардың ойларын талдай отырып төлемқабілеттілік терминінің кең тараған анықтамалары ретінде мыналарды көрсетемін:

1) Бұл кәсіпорынның кредиторлары жағынан төлемдер туралы қойылған талаптары қарыздарын өтеуге дайындалады.

2) Бұл барлық қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша қарыздарды өтеу және өнім өндіру процесін үздіксіз іске асыру үшін жеткілікті қаржының болуы.

3) Қолда бар ақша сомасының белгілі бір жедел төлемдердің сомасына қатынасын көрсететін төлем қабілеттілігінің коэффициенті арқылы көрінеді. [2].

Сонымен бірге төлемқабілеттілік ұғымын өтімділікпен салыстырулар жиі кездесіп жатады. Алайда, төлем қабілеттілігі терминінің мағынасы біршама кеңірек, өйткені ол активтерді қолма-қол ақшаға айналдыру мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар сауда, несие және басқа да ақшалай операциялардан туындайтын өз міндеттемелерін уақтылы және толық орындау мүмкіндігін де қамтиды. Бірақ, төлем қабілеттілігі ұғымы, өтімділікпен бірдей болмағанмен де, өтімділік ұғымымен ажырамас байланыста болатындығын айта кеткен жөн. Өтімділік пен төлемқабілеттілікпен қатар жүретін, ұйыммен жұмыс жасау үшін заңды тұлғаларға аса маңызды көрсеткіш ол ұйымның несиеқабілеттілігі. Несиеқабілеттілік - бұл қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштермен ұсынылған, қарыз алушының болашақта несие беруші алдындағы борыштық міндеттемелері бойынша толық және мерзімінде есеп айырысу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ белгілі бір қарыз алушыға несие беру кезінде банктің тәуекел дәрежесін анықтайтын кешенді тексеру және қаржылық сипаттама.

Несиеқабілеттілікті анықтаудың мақсаты клиенттің қарызға алған ақшаны, жасалған шартқа сай қайтара алу деңгейі, қарыз алушыға сапалық баға беру, яғни клиенттің қаншалықты несиелік салымдарының мақсатқа сайлығын және банк пен қарыз алушы арасындағы несиелеу тұрғысындағы әрі қарайғы қатынастың негізделуін және дұрыстығын бағалау. Жалпы бұл көрсеткішті зерттеген кезде кәсіпорынның қаржылық жағдайы, бұрын алған несиелерді уақтылы өтеуі, несиелік ресурстарды пайдалану мақсаттары, берілген есептіліктердің сапалылығы, қарыз алушының бәсекеге қабілетті өнім өндіру және табыс алу, сол арқылы несиені өтеу үшін жеткілікті қаражат табу қабілеті, яғни төлемқабілеттілігі де зерттеледі. Демек төлем қабілеттілігі - қазіргі сәтке несие берушілердің талаптарын қанағаттандыра алу мүмкіндігі, ал несие қабілеттілігі — осындай қабілеттің болашаққа болжамы [1]. Сонымен, бұл көрсеткіштерді есептеу үшін ақпараттық база ретінде соңғы есепті кезеңнің қаржылық есептілігі, бухгалтерлік балансы және түсіндірме жазбалары болып табылады. Несиеқабілеттілігі клиенттің жақын арадағы перспективада төлем қабілеттілігін болжайды. Ол баланс деректері мен пайда мен залал туралы есеп бойынша қаржылық көрсеткіштер жүйесі негізінде бағаланады. Осы ақпараттар негізінде төлемқабілеттілік пен несиеқабілеттілікті есептеу үшін алдымен оның, нарық жағдайында қаржылық шектеулердің күшеюіне және кәсіпорынның несиеқабілеттілігін бағалау қажеттілігіне байланысты туындайтын өтімділігін бағалап, тиісті коэффициенттері есептеп

шығару қажет, осы жерден төлемқабілеттілік пен несиеқабілеттіліктің өтімділіктен айырмашылығы бар болғанымен, өте тығыз байланысты екені көрініс табады. Кәсіпорынның төлемқабілеттілігін талдау олардың активтер мен міндеттемелердің өтімділік дәрежесі бойынша топтастырылған және өтімділіктің кему және өсу тәртібімен орналастырылған санаттарды салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Өтімділік дәрежесіне байланысты ұйымның активтері мен міндеттемелері келесі топтарға бөлінеді (Сурет -1) [1].

Атауы	Сипаттамасы
A1 Ең өтімді активтер	Активтердің ең мобильдісі болып табылатын ақша қаражаттары мен оның баламалары (1000) және тез арада қолма қол ақшаға айналуға қабілетті қысқа мерзімді қаржылық активтер (1100) жатады
A2 Тез өткізілетін активтер	Төлемдері есепті күннен бастап 12 ай ішінде күтілетін қысқа мерзімді дебиторлық берешек (1200) және қысқа мерзімді аванстар сияқты баптар жататын өзге де активтер (1700) жатады.
A3 Баяу өткізілетін активтер	Ақшаға айналу жолы қиынырақ болып табылатын баланс активінің қалған баптары, яғни қорлар (1300), ағымдық салықтық активтер (1400), биологиялық активтер (1600) және сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (1500) жатады.
A4 Қиын өткізілетін активтер	Баланс активінің II бөлімі, яғни ұзақ мерзімді активтер бөлімінің баптары кіреді.
П1 Неғұрлым шұғыл міндеттемелер	Қысқа мерзімді кредиторлық берешек (3300) пен өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер (3500), нақтырақ айтсақ болашақ кезең табыстары және т.б. жатады.
П2 Қысқа мерзімді міндеттемелер	Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, салық бойынша, басқа міндетті және ерікті төлемдер, қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері. (3000, 3100, 3200, 3400)
П3 Ұзақ мерзімді міндеттемелер	Ұзақ мерзімді міндеттемелер бөлімінің барлық баптары жатады. (4-бөлім)
П4 Тұрақты міндеттемелер	Пассивтің III «Капитал» бөлімінің баптары жатады.

Сурет-1. Өтімділік дәрежесіне байланысты ұйымның активтері мен міндеттемелерінің топтарға бөлінуі.

Кәсіпорынның төлемқабілеттілігін бағалау үшін жоғарыда аталған топтар арқылы жүзеге асырылатын өтімділіктің үш салыстырмалы көрсеткіші қолданылады (Сурет-2) [3].

Өтімділіктің көрсеткіштерінің әр тобы белгілі бір мақсат үшін қолданылады, мәселен абсолютті өтімділік коэффициенті ұйым жеткізушілер үшін маңызды болса, аралық өтеу коэффициенті кәсіпорынды несиелендіретін банктер үшін қызықты, ал ағымдық өтімділік коэффициенті инвесторлар үшін маңызды болып табылады.


Төлемқабілеттілікті бағалаудың мысалы ретінде, Павлодар облысын электр қуатымен жабдықтаумен айналысатын «Павлодарэнерго» АҚ-ның төлемқабілеттілігін бағаладым (кесте-1).

Кесте-1

Көрсеткіш	2020ж.	2021ж.	Өзгерісі
Ағымдағы активтер	18 998 460	32 860 188	13 861 728
A1	454 761	14 415 987	13 961 226
A2	15 533 657	15 159 080	-374 577
A3	3 010 042	3 285 121	275 079
П1+П2	66 344 102	122 776 867	56 432 765
Абсолютті өтімділік коэффициенті	0,01	0,03	0,02
Аралық өтімділік коэффициенті	0,14	0,14	0
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	0,29	0,27	-0,02

Ескерне: кесте мәліметтері әдебиеттер негізінде жазылды.

Кесте-1. «Павлодарэнерго» АҚ төлемқабілеттілігін бағалау.



Сурет-2. Төлемқабілеттілікті бағалау әдістемесі

Кесте мәліметтеріне сүйенетін болсақ, ұйымның төлемқабілеттілік көрсеткіші жыл басына қарағанда жыл соңында төмендегені көрініп тұр. Абсолютті өтімділік коэффициенті жыл соңында 0,02-ге көбейгенімен, шектеу мәнінен төмен болып тұр, яғни компания жыл басында ақша қаражаттарымен қарыздарының тек 1%-ын ғана жапса, жыл соңында 3%-ын жапқанымен, шектеу мәніне жетпей, қысқа мерзімді кезеңде компанияның төлемқабілетсіздігінің нашарлауын көрсетеді. Абсолютті өтімділік коэффициентінің нормативтен төмен мәні компанияның жақын арада қарыздарын өтеуге мүмкіндігі жоқ дегенді білдіреді.

Аралық өтімділік коэффициенті еш өзгеріссіз қалып отыр және нормативті мәнге жауап бермейді, компания қарыздарын ақша қаражаттарымен қоса өткізілген өнімдер мен орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін түсімдер есебінен де өтей алмайды.

Ағымдық өтімділік коэффициенті жыл соңында 0,02-ге төмендеп, нормативті мәніне жауап бермейді, төлемқабілеттілік көрсеткіші төмендеді. Бұл дегеніміз компания барлық айналым қаражаттарын жұмылдыру арқылы несиелер мен есептеулер бойынша да ағымдағы міндеттемелерін өтей алмайтындығын білдіреді.

Баланстың өтімділігін кешенді бағалау үшін өтімді қаражат пен төлем міндеттемелерінің әртүрлі топтары көрсетілген сомаларға қаражаттың түсу және міндеттемелерді өтеу мерзімдері тұрғысынан олардың маңыздылығын ескеретін белгілі бір салмақтық коэффициенттермен берілетін кәсіпорынның барлық өтімді қаражаты

сомасының барлық төлем міндеттемелерінің сомасына қатынасын көрсететін кәсіпорын балансы өтімділігінің жалпы көрсеткішін пайдалану ұсынылады.

Баланс өтімділігінің жалпы көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$1 * A_1 + 0,5 * A_2 + 0,3 * A_3 / 1 * П_1 + 0,5 * П_2 + 0,3 * П_3 \quad (1),$$

Теориялық мәні 0,9-дан төмен болмауы керек бұл көрсеткіш ұйымның міндеттемелердің барлық түрлері бойынша - жақын және алдағы болашақ кезеңге есеп айырыса алу қабілетін білдіреді. Осы көрсеткіштің көмегімен ұйымның төлем қабілеттілігін жалпы бағалау және өтімділік тұрғысынан ұйымдағы қаржылық жағдайдың өзгеруін бағалау жүзеге асырылады. Бұл көрсеткіш есептілік негізінде көптеген потенциалдық серіктердің ішінен ең дұрыс серіктесін таңдау кезінде де қолданылады [1].

«Павлодарэнерго» АҚ-ның балансының жалпы өтімділігі мынаған тең (Кесте-2):

Кесте-2. «Павлодарэнерго» АҚ-ның жалпы төлемқабілеттілігі.

Көрсеткіштер	2020ж.	2021ж.
Кол	0,14	0,22
<i>Ескерне: кесте мәліметтері әдебиеттер негізінде жазылды [4,5].</i>		

Ұйымның төлемқабілеттілігі жыл басында да жыл соңында да нормативтік мәнге сәйкес келмей, компанияның жақын және алдағы кезеңдегі төлемқабілетсіздігін білдіреді.

Ұйым төлемқабілетсіздігінің өзекті мәселесі өнім өндірісі мен өнімді өткізу бойынша жоспарлардың орындалмауы, пайда жоспарының орындалмауы кесірінен меншікті қаражат көзінің жеткіліксіздігі әсер етуі мүмкін, себебі, соңғы жылдары «Павлодарэнерго» АҚ-ның жылу орталықтары біршама ескіріп, жұмыстың жоспар бойынша жұмыс атқаруына кедергі болуы керек. Сонымен қатар, айналым капиталын дұрыс пайдаланбау – қаржының дебиторлық қарызда ұсталуы, жоспардан тыс қорға салынуы, әсіресе қаржылану көзі уақытша жоқ бөгде мақсаттарға ақшаның бағытталуы да ұйымның төлемқабілетсіз болуына әсер етеді. Салық салудың жоғары деңгейі, айып пұлдардың әсері аз емес, әсіресе 2020 жылы орын алған COVID-19 пандемиясының да компанияның экономикасына қалдырған ізі зор еді.

Болашақта кез келген компанияның төлемқабілеттілігін қалпына келтіру жолдары табылады, яғни бұл жағдайда «Павлодарэнерго» акционерлік қоғамының жұмысын қалпына келтірудің мынандай жолдарын ұсынамын:

Біріншіден, Компания төлем қабілетті және өтімді деп саналуы үшін оның жеткілікті икемді капитал құрылымы болуы керек және төлем қабілеттілігін сақтау және өзін-өзі қаржыландыру үшін жақсы жағдайларды қалыптастыру мақсатында ұйымның ақшалай түсімдерінің оның шығыстарынан үздіксіз басымдылығын қамтамасыз ете отырып, оның қозғалысын дұрыс жүзеге асыра алуы керек, ол үшін мысалға төлемқабілетсіз дебиторлармен жұмыстарын қарастыру, орынсыз шығындарды болдырмау, қызметкерлер лауазымдарын қайта қарастырып, керекті ісшараларды қолдану.

Екіншіден, ұйымның төлемқабілетсіздігінің ең басты себептерінің бірі жылу орталықтары біршама ескіруі, шын мәнінде 2021 жылы "Павлодар жылу желілері" ЖШС мен Павлодар қаласының әкімдігі арасында 2021 жылға арналған жылу желілерін күрделі жөндеу жоспарын келісу рәсімі жүрді. Бекітілгеннен кейін жазғы кезеңде инвестициялық бағдарламалар есебінен жылу желілеріне күрделі жөндеу жүргізілу басталған еді. Алайда, 2022 жылы Екібастұз қаласындағы жылу орталығы істен шықты. Сондықтан бұл мәселе әлі де қаралуы тиіс.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасында төлемқабілеттілікті қалпына келтіру бойынша рәсімдер бар, оның бірі төлемқабілетсіздікті реттеу рәсімі - бұл борышкерге оналту рәсімі қолданылғанға дейін және борышкерді банкрот деп танығанға дейін өзінің төлем қабілетсіздігі мәселелерін реттеуге мүмкіндік беретін рәсім. Төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап екі ай ішінде борышкер барлық кредиторлармен төлем қабілетсіздігін реттеу туралы үш жылдан аспайтын мерзімге келісім жасасуға міндетті. Келісім борышкердің міндеттемелерін орындауды кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу, борышкердің талап ету құқықтарын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру, тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) есептен шығару, алынған кредиттер (қарыздар) бойынша сыйақы мөлшерін азайту, кредитордың (кредиторлардың) талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қанағаттандыру шарттарында жасалуы мүмкін.

Келесі қарастырылатын көрсеткіш –несиеқабілеттілік. Несиеқабілеттілікті бағалау несие беруші үшін ұйымның несиеқабілеттілігін бағалау ұйымда қаржылық қиындықтардың туындау ықтималдығынан, шарттардың бұзылуынан болатын ысыраптарынан туындайтын тәуелкелділікті төмендетеді. Қарыз алушы үшін де несиеқабілеттілік маңызды, бұл оның әрі қарай дамуына қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету бойынша тактикалық және стратегиялық шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік беріп, төлемқабілеттілігі мен тұрақтылығы туралы ақпарат алуына көмектеседі. Қарыз алушының несиеқабілеттілігін бағалаудың бірыңғай әдістемесі жоқ, банк кеңінен пайдаланылатын халықаралық немесе отандық тәжірибеге сүйенуге, немесе өз әдістемесін әзірлеуге құқылы. Мысалы, К.Ш.Дуйсенбаев ұсынған отандық әдістемесі негізінде «Павлодарэнерго» АҚның несиеқабілеттілік көрсеткішін қарастырайық.

Несиеқабілеттілік коэффициенттерін есептеу алынған мәндерді белгіленген жеткілікті мәндермен салыстыру негізінде қарыз алушыға осы көрсеткіштердің әрқайсысы бойынша санат/класс беруді білдіреді. Осы критерийлер негізінде қарыз алушы ұйымның қаржылық жағдайының бірнеше көрсеткіштеріне негізделген жалпылама 7 көрсеткіш бар (Сурет-3). Әрбір қаржылық көрсеткіш үшін класс тағайындалған, бірінші класы - өте жақсы, екінші класы - жақсы, үшінші класы - орташа, төртінші класы - әлсіз, бесінші класы - нашар қаржылық жағдайы. Несиеқабілеттілікті бағалаудың бес балды шкаласы бойынша алынған жалпылама көрсеткіш мәні қаржылық жағдайдың жақсы немесе нашарлығы туралы куә болады. Алынған нәтижеге байланысты несие мекемесі несие шарттарын негіздеу барысында өз қорытындысын жасайды. Әрбір қаржылық көрсеткішке балдар мен пайыздар түріндегі салмақтар тағайындалады. Жалпылама көрсеткіш келесі кезектілікпен орындалады. Әрбір көрсеткіш бойынша алынған несиеқабілеттіліктің класы нөмірі оның салмақталған коэффициентіне көбейтіледі. Содан соң нәтижелер қосылып, балдар мен пайыздар түрінде мазмұндалған несиеқабілеттіліктің жалпылама көрсеткіші анықталады [3].

(Сурет-3)

№	Көрсеткіш	1 класс	2 класс	3 класс	4 класс	5 класс	Салмақ үлеспен
1	Ағымдық өтімділік коэффициенті	2,5 жоғары	2,0-ден 2,5-ға дейін	1,5-тен 2,0-ге дейін	1,0-ден 1,5-ке дейін	1,0-ден төмен	0,10
2	Аралық өтімділік коэффициенті	1,2 жоғары	1,0-ден 1,2-ге дейін	0,7-ден 1,0-ге дейін	0,5-тен 0,7-ге дейін	0,5-тен төмен	0,25

3	Ұзақмерзімді қаржылық тәуелсіздік коэффициенті	0,6 жоғары	0,5-тен 0,6-ға дейін	0,4-тен 0,5-ке дейін	0,3-тен 0,4-ке дейін	0,3-тен төмен	0,15
4	Айналым капиталымен қорлардың қамтамасыз етілуі коэффициенті	0,7 жоғары	0,5-тен 0,7-ге дейін	0,3-тен 0,5-ке дейін	0,1-ден 0,3-ке дейін	0,1-ден төмен	0,20
5	Пайыздық төлемдерді жабу коэффициенті	6 жоғары	5-тен 6-ға дейін	4-тен 5-ке дейін	3-тен 4-ке дейін	3-тен төмен	0,05
6	Қарызға қызмет көрсету коэффициенті	3,5 жоғары	3-тен 3,5-ке дейін	2,5-тен 3-ке дейін	2-ден 2,5-ке дейін	2-ден төмен	0,05
7	Өнім рентабельділігі, %	40 жоғары	40-тан 35-ке дейін	30-дан 25-ке дейін	25-тен 20-ға дейін	20-дан төмен	0,20

Сурет-3. Несиеқабілеттілікті бағалау көрсеткіштерін топтау.

Мұндағы:

Көрсеткіш:	Формуласы
Ағымдық өтімділік коэффициенті:	$K1 = \text{Ағымдық актив} / \text{Қысқамерзімді міндеттемелер}$
Аралық өтімділік коэффициенті:	$K2 = \text{Ақша қаражаты} + \text{ҚМҚА} + \text{Дебит. қар.} + \text{Өзге қысқа мерз. активтер} / \text{Қысқамерзімді міндеттемелер}$
Ұзақмерзімді қаржылық тәуелсіздік коэффициенті:	$K3 = (\text{ҰММ} + \text{МК}) / \text{Баланс валютасы}$
Айналым капиталымен қорлардың қамтамасыз етілуі коэффициенті	$K4 = ((\text{ҰММ} + \text{МК}) - \text{ҰМА}) / \text{Қорлар (салық. активтерсіз)}$
Пайыздық төлемдерді жабу коэффициенті	$K5 = \text{Ақша қаражаты} / \text{Төленуге тиісті пайыздар}$
Қарызға қызмет көрсету коэффициенті:	$K6 = \text{Ақша қаражаты} / \text{Міндеттемелер жиыны}$
Өнім рентабельділігі, %	$K7 = \text{Салыққа дейінгі табыс (залал)} / \text{Түсім}$
Несиеқабілеттіліктің жалпылама көрсеткіші	$S = 0,10 \times K1 + 0,25 \times K2 + 0,15 \times K3 + 0,20 \times K4 + 0,05 \times K5 + 0,05 \times K6 + 0,20 \times K7$

«Павлодарэнерго» АҚның баланс деректері негізінде несиеқабілеттілікті бағалауды қарастыратын болсақ (Кесте-4):

(Кесте-4)

Көрсеткіштер	2020 жыл	2021 жыл	Көрсеткіш класы нөмірі		Көрсеткіш салмағы	Несиеқабілеттілік көрсеткіші	
			2020 жыл	2021 жыл		2020 жыл	2021 жыл
Ағымдық өтімділік коэффициенті K1	0,29	0,27	5	5	0,10	0,5	0,5
Аралық өтімділік коэффициенті K2	0,24	0,24	5	5	0,25	1,25	1,25
Ұзақ мерзімді қаржылық тәуелсіздік коэффициенті K3	0,67	0,63	1	2	0,15	0,15	0,3

Айналым капиталымен қорлардың қамтама-сыз етілуі коэф-ті К4	-15,73	-27,37	5	5	0,20	1	1
Пайыздық төлемдерді жабу коэффициенті К5	0,00	0,00	5	5	0,05	0,25	0,25
Қарызға қызмет көрсету коэффициенті К6	0,00	0,06	5	5	0,05	0,25	0,25
Өнім рентабельділігі, % К7	0,03	0,69	5	5	0,20	1	1
Қорытынды балдар саны			31	32	1,00	4,4	4,55
<i>Ескерпе: кесте мәліметтері әдебиеттер негізінде жазылды].</i>							

Кесте -4. «Павлодарэнерго» АҚ-ның несиеқабілеттілігін бағалау.

Жалпылама көрсеткіштің алынған мәні - бес балдық шкала бойынша несекабілеттілігінің 4-сыныбын көрсетті, бұл қаржылық жағдайдың әлсіздігін көрсетеді.

Ұйымның несиеқабілетсіздігіне бірнеше факторлар себеп болуы мүмкін, мысалы, инфляция – бұл өз кезегінде шикізат пен материалдарға деген бағаның өсуіне әкеліп, компанияның өнімдеріне деген өзіндік құнның өсуіне, тұтынушылардың сұранысының төмендеуіне, ал ол өз кезегінді компанияның кірістерінің азаюына әкеліп соғады. Басқару, жоспарлау және маркетинг саласындағы білікті мамандардың жетіспеушілігі және ғылымитехникалық прогресстің болмауы, яғни соңғы уақытта «Павлодарэнерго» акционерлік қоғамында орын алған қиыншылықтар заманында мамандардың тарапынан жедел іс әрекеттер орындалуы маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, аса маңызды себептердің бірі айналым капиталының жетіспеушілігі, жеткізушілермен есеп айырысу үшін қажетті қаражаттың, сатуға болатын дайын өнімнің қорларының болмауы кредиторлық берешектің қалыптасуына және ұйымның ақша қорларының төмендеуіне әкеледі.

Несиеқабілеттік коэффициентін қалпына келтіру үшін ең алдымен, компания қаржылық тұрақтылығымен бірге, төлемқабілеттілігін де қалпына келтіруге бағытталатын іс шаралар кешенін әзірлеу болып табылады. Заманауи нарықтық жағдайда өмір сүрудің кепілі және кәсіпорынның тұрақты жағдайының негізі ол оның тұрақтылығы. Бұл қаржы ресурстарының жағдайын көрсетіп, олардың орналасуы, оларды тиімді пайдалану, ресурстады қалыптастыру көздерінің құрылымының оңтайлы арақатынасы кәсіпорынның нарықтық және қаржылық тұрақтылығының, төлемқабілеттілігінің деңгейін көрсетеді.

Қорытындылай келе, кез келген ұйым үшін шаруашылық қызметін дұрыс атқара алуы үшін оның төлемқабілеттілігі мен несиеқабілеттілігінің де алатын орны ерекше. Ал ұйым төлемқабілетті және несиеқабілетті болуы үшін, елдегі экономикалық тұрақсыздық жағдайында, үнемі өзгеріп отыратын сыртқы және ішкі жағдайларда кәсіпорындар қаржылық ресурстар мен қаражаттың икемді құрылымына ие болуы керек. Демек, қаржылық тұрақтылықты арттыру үшін кәсіпорын өз көздерін жинақтау қарқынын арттыру, материалдық айналым қаражатын өз көздерімен қамтамасыз ету бойынша резервтерді іздеуі керек. Сонымен қатар, қаржы ресурстарының оңтайлы арақатынасын

табу керек, онда кәсіпорын ақшаны еркін басқара отырып, оларды тиімді пайдалану арқылы өнімді өндіру мен сатудың үздіксіз процесін, сондай-ақ оны кеңейту мен жаңарту шығындарын қамтамасыз ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Финансовый анализ предприятия: учебное пособие/ Г.Н.Лиференко – М: Издательство «Экзамен», 2005 год. С 128-146.
2. Методика финансового анализа/ Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С., Негашев Е.В. – М: ИНФРА –М., 2000 год. С 162-166.
3. Финансовый анализ: учебное пособие/ Г.Н. Гогина, О.А.Филлипов; фил. НОУ ВПО «СаГа» в г. Тольятти. – Самара, 2006 год. С 115-124.
4. «Павлодарэнерго» акционерлік қоғамының қаржылық есептілігі – 2020 -2021жж.

БАСҚАРУ ЕСЕБІНДЕГІ ЖАЛДАУ ҚАТЫНАСТАРЫН ДЕФИНИЦИЯНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ТӘСІЛІ

Рахатова Шырай Төреханқызы

2 курс магистранты, Есеп және аудит БББ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан

Аннотация. Мақалада жалдау қатынастарының түрлерін анықтау және жіктеу критерийлері қарастырылады. Сонымен қатар, жалдау белгілі бір критерийлерге сәйкес жіктеледі. Жалдау түрлерін жіктеу әдістерін талдау жалдау шартының белгілі бір түріне қатысты лизингтік операцияларды есепке алу әдісін одан әрі анықтау мақсатында лизингтік мәміленің сипаты туралы объективті пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: бухгалтерлік есеп, жалдау есебі, жалдау қатынастарын анықтау, лизинг, жіктеу.

CONCEPTUAL APPROACH TO THE DEFINITION OF LEASE RELATIONS IN MANAGEMENT ACCOUNTING

Rakhatova Shyray Torekhankyzy

2nd year master's Student, Accounting and audit EP

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan

Annotation. The article discusses the criteria for determining and classifying types of lease relations. In addition, the lease is classified according to certain criteria. The analysis of the methods of classification of types of leases allows us to form an objective opinion about the nature of the leasing transaction in order to further determine the method of accounting for leasing transactions in relation to a particular type of lease agreement.

Keywords: accounting, lease accounting, definition of lease relations, leasing, classification.

Қазіргі жағдайда ғылыми технологиялар мен бизнес-процестерді басқарудағы жаңа тәсілдердің үдемелі дамуы нәтижесінде ішкі және халықаралық нарықтардағы бәсекелестік, бизнес ортаның күрделілігі және әртүрлі бизнес-процестер нәтижесінде коммерциялық кәсіпорынды басқару айтарлықтай өзгереді, бұл өзгерістерді қажет етеді. менеджмент және бухгалтерлік есеп.

Біздің ойымызша, бухгалтерлік есепті жаңа деңгейде қайта құру қажеттілігі басқарушылық есеп пен бақылауды ұйымдастыру жобасын іске асыру кезінде ұйымда іске асырылған стратегия ескерілгенде ғана туындауы керек. Ішкі бақылау жүйесін басқаруды толық түсіну және талдау үшін 1-кестеде келтірілген жедел, тактикалық және стратегиялық басқару есебіне салыстырмалы баға беру керек.